

6D020800-Археология және этнология » мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Құрманиязов Ыслам Серікұлының - «Солтүстік-Шығыс Арал маңы ескерткіштерінің кейінгі тас ғасыры мен қола дәуіріндегі геоархеологиялық және мәдени-типологиялық сипаттамасы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

СЫН-ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Құрманиязов Ыслам Серікұлының «Солтүстік-Шығыс Арал маңы ескерткіштерінің кейінгі тас ғасыры мен қола дәуіріндегі геоархеологиялық және мәдени-типологиялық сипаттамасы» атты диссертациялық жұмыс Қазақстандық Арал аймағының ежелгі тарихы мен археологиясы және мемлекеттік бағдарламалар ішінде «Қазақстан 2050» стратегиясында көрсетілген ұлттық даму жоспарларына сәйкес келеді. Түркістандағы Ұлттық құрылтайда мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жасаған баяндамасының үшінші бағытындағы өткен тарих пен мәдениетті насихаттау идеясымен ұштасып отыр.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыста Солтүстік-Шығыс Арал маңы кейінгі тас ғасыры және қола дәуіріндегі аймақтың тарихы мен археологиясы аймақтан жаңадан ашылған ежелгі дәуір ескерткіштерінде жүргізілген кешенді археологиялық зерттеулердің нәтижелерін және ғылыми жаңалықтарын ұсынылып отыр. Диссертант зерттеу аймағы ретінде географиялық жағынан: Арал өңірі Солтүстік-Шығыс аумағы негізінен Қызылқұм шөлінің құмдарында орналасқан. Арал маңы Қарақұмы, Кіші және Үлкен Борсық құмдары, сондай – Ырғыз даласын қамтылып отыр, және әкімшілік бөлінісі жағынан: Ақтөбе облысының Ырғыз және

			Шалқар аудандары және Қызылорда облысының Арал, Қазалы, Қармақшы және Жалағаш аудандары, кіргізілген. Арал теңізінің жағалауларының құбылмалы геэкологиялық факторлардың тигізген әсері, голоцен дәуірінің екінші жартысындағы палеометалл дәуірінде орын алған мәдени-тарихи кезеңдер мен табиғи ортада болған өзгерістерге қатысты заңдылықтар толық ашылып қарастырылған. 2.1. Қосады, ашылған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Құрманиязов Ыслам Серікұлы диссертациялық жұмысты өзі жазу деңгейі жоғары. Ғылыми әдебиеттер мен мұрағаттық құжаттар, музейлік коллекциялар, картографиялық мәліметтер сараланып, талданып берілген. Зерттеу жұмысында алынған нәтижелер теориялық және практикалық жағынан құнды материал болып табылады. 3.1 Жазу деңгейі жоғары
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық тақырыптың өзектілігінің негіздемелері: 1. Аймақтағы соңғы уақыттағы ашылған тас ғасыры мен қола дәуірі ескерткіштеріне георхеологиялық кешенді талдаулар жүргізіп ғылыми айналымға енгізген. 2. Солтүстік-Шығыс Арал маңындағы кеңестік және отандық ғалымдардың еңбектері толықтай сараланып, Ы.С.Құрманиязов тарапынан жоқ болып кеткен ескерткіштер және жаңадан ашылған тұрақтар мен қоныстар геоақпараттық жүйеге енгізіліп, аймақтың кейінгі тас ғасыры мен қола дәуіріндегі келтеминар, тазабағыяб, әмірабад мәдениеттерінің ескерткіштерінің бірнеше карталары жасалынған. 3. Тақырып атау айтқандай тұрғанындай, орталық азиялық ерекше, үлкен аймағында орын алған өзгермелі табиғи-экологиялық орта жағдайында кейінгі тас ғасыры мен қола дәуіріндегі материалдық мәдениет бөлшектерінің динамикалық дамуы мен мәдени-тарихи үдерістері жайлы тұжырымдар келтірілген. Осы себептер бойынша, тақырып өзектілігі айқын деп санаймыз. 4.1.1 Жоғарыда қойылған талаптар бойынша диссертацияның өзектілігі негізделген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертациялық жұмыс мазмұны мен оның тақырыбын толығымен ашып көрсеткен. Зерттеу жұмысы кіріспеден, үш тараудан, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және үш қосымшадан тұрады. Барлық бөлімдер бір-бірімен логикалық және сабақтастық тұрғыдан байланыса отырып, мақсатына жеткен, алдына қойған міндеттерін толық орындап көрсеткен. 4.2.1 Айқындалған.

	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді 	<p>Зерттеудің мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбына қойылған мәселені шешуге сәйкес келеді. Мақсаты – археологиядағы кешенді әдіс-тәсілдер соның ішіндегі геоархеологиялық зерттеулерге сүйене отырып, Солтүстік-Шығыс Арал маңы кейінгі тас ғасыры мен қола дәуіріндегі климатын, алғашқы қауымдар шаруашылығын, қоршаған ортасы мен тіршілік көздерін қалпына келтіру болып табылып отыр. Осыған сәйкес Төмендегідей міндеттер қойған:</p> <ul style="list-style-type: none"> –Арал маңының голоцен кезеңіндегі табиғи – климаттық және экологиялық жағдайларына тән ерекшеліктерді зерттеу; – Арал маңының тас және қола дәуірі тұрмысындағы тұтынған негізгі шикізат көздерін анықтау; –Оңтүстік-Батыс Қазақстан аумағын қамтитын археологиялық зерттеу жұмыстары тарихын жүйелеу және құбылыстар мен үдерістер бойынша тарихи-мәдени қайта жаңғыртуда қолданылып жүрген заманауи ғылыми-теориялық әдіснамасымен негізгі ғылыми атрибуттарын, палеометалл дәуіріндегі мәдени-типологиялық сипаттамасы мен шаруашылық-мәдени типтерін айқындау; – Солтүстік-Шығыс Арал маңындағы кейінгі тас дәуірі неолит, энеолит мен қола ғасыры ескерткіштеріне деректанулық талдау жүргізу және олардың мәдени-типологиялық сипаттамасын таразылау; – Солтүстік-Шығыс Арал маңындағы кейінгі тас дәуірі неолит,энеолит мен қола ғасыры ескерткіштерін кезеңдестіру, геохронологиясын, палеогеографиясын, корреляциясын және аудандастырылуын айқындау; –Ежелгі қауымдар тарапынан дайындалған тас құралдары мен қыш ыдыстарының технологиясын айшықтау және олардың функциясын тереңірек саралау, сонымен қатар еңбек құралдарын дамытуға әсерін тигізген өзге мәдениеттерімен өзара ықпалдастығын қарастыру; –Солтүстік-Шығыс Арал маңы энеолит пен қола дәуірлері мәдениеттерінің қалыптасуын, дамуын, құлдырауын және кейінгі мәдени-тарихи кезеңдермен байланысы мен тарихи-генетикалық бірлігін ашып көрсету; <p>Диссертациямен танысу барысында әр тарауда, аталған мақсат бойынша жұмыс жүргізіліп, міндеттер іске асканы байқалады.</p> <p>4.3.1. Сәйкес келеді.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ 	<p>Диссертациялық жұмыс барлық бөлімдері мен құрылысы бір-бірімен толық байланысқан. Әрбір бөлім мен тарау тармақшаларының қорытындылары үндеседі. Әр ескерткіштің тас құралдарын, қыш ыдыстар сынықтарын жекелеп қарастырып, қоныстан табылған тас құралдары санын кесте және гисторграммен көрсетіп, диаграммалар арқылы құрал</p>

			<p>түрінің басымдығын көрсеткен. Жұмысты орындау барысында ізденуші тарапынан мұрағат деректері ғылыми еңбектерді өзара сабақтастықты бұзбай пайдалануға ұмтылыс жасалған.</p> <p>1. Толық байланысқан.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) сыни талдау бар;</p> <p>2) талдау жартылай жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Диссертант тарапынан алғашқы рет Солтүстік-Шығыс Арал маңы кейінгі тас ғасыры мен қола дәуіріндегі археологиялық ескерткіштерге геоэкологиялық факторлардың тигізген әсері қарастырылып, голоцен дәуірінің екінші жартысындағы палеометалл дәуірінде орын алған мәдени-тарихи кезеңдер мен табиғи ортада болған өзгерістерге қатысты заңдылықтар және кейінгі тас ғасыры мен қола дәуіріндегі археологиялық мәдениеттерге толықтай сипаттама берілген.</p> <p>1. Сыни талдау бар</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u></p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмыста тұжырымдалған ғылыми нәтижелер мен пікірлер толығымен жаңа деп бағалауға болады.</p> <p>Солтүстік-Шығыс Арал маңы табиғи-климаттық факторларының ерекшелігі энеолит және қола мәдени-тарихи кезеңдерінде әртүрлі шаруашылық-мәдени типтер (аңшылық, егіншілік, балықшылық, бақташылық, т.б.) қалыптасуына жол ашқандығын аңғарып отырмыз.</p> <p>Солтүстік-Шығыс Арал төңірегінде негізгі шикізаттың бірі тас болғанын нақтылап отыр. Әсіресе әртүрлі қоспалары бар жергілікті кварцит кеңінен қолданыста болғандығы анықталынды. Алайда кварцит ішкі сұранысты толық қанағаттандыра қоймады. Сонда да болса Арал төңірегінен тыс жерлерден шикізат түрлері әкелінді. Оларға жасалған петрографиялық зерттеулер, шикізат көздерінің екі ареалы болғанын көрсетеді. Оның біріншісі Орталық Қазақстаннан, ал екіншісі Оралдың арғы жағынан жеткізіліп алынғандығын көрсеткен.</p> <p>1. Толығымен жаңа</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Бұрын толық зерттемеген кейінгі тас ғасыры мен қола дәуірі ескерткіштерін бір жүйеде қарастырылып отырған алғашқы ғылыми диссертация болғандықтан, диссертанттың қорытындылары жаңа болып табылады. Қолданылған деректер мен ұсыныстар тәжірибелік маңызға ие. Зерттеудің жүйелік сипаты, теориялық мәселелер мен тәжірибелік нәтижелердің байланыстылығы мен диссертация қорытындыларының ғылыми- әдістемелік негізделуі айқын, шынайылық дәрежесі жоғары, жаңа ақпараттар қарастырылған.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері</p>	<p>Диссертациялық жұмыс «6D020800 – Археология және этнология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін</p>

		жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	ұсынылған және гуманитарлық бағыт бойынша әзірленгендіктен, техникалық, технологиялық, басқару шешімдерін талқылауды мақсат етпейді. Жұмыс техника технологиялық әдістер мен орындалып, нәтижелері толығымен жаңа мазмұнда негізделген. 5.1 Толығымен жаңа
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертациялық жұмыста көрсетілген барлық қорытындылары ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ	Ізденуші зерттеу жұмысын жазу барысында ғылыми мәселені қоя білген. 1-қағидат бойынша Солтүстік-Шығыс Арал маңының кешенді түрде геоархеологиялық тұрғыдан жан-жақты әрі толыққанды сараптамадан өтіп осы диссертациялық жазу барысында анықталған. 7.1 Дәлелденді 7.2 Тривиалды емес 7.3 Қағидаттар жаңа 7.4 Қолдану деңгейі кең 7.5 Ия. 2-қағидат бойынша археологиялық және ландшафттық мәліметтер негізінде қоныс, ғұрыптық нысандар, жерлеу орындары, т.б. тарихи нысандарға ықпалын тигізетін геоэкологиялық факторлар анықталды. Сайып келгенде, тақырыптан көрініп тұрғанындай, орталық азиялық ерекше, үлкен аймағында орын алған өзгермелі табиғи-экологиялық орта жағдайында кейінгі тас ғасыры мен қола дәуіріндегі материалдық мәдениет бөлшектерінің динамикалық дамуы мен мәдени-тарихи үдерістері қарастырылған. 7.1 Дәлелденді 7.2 Тривиалды емес 7.3 Қағидаттар жаңа 7.4 Қолдану деңгейі кең 7.5 Ия. 3- қағидат бойынша тұңғыш рет аймақтың орта голоценнен бастап Арал маңындағы табиғи-климаттық және экологиялық жағдайлар ерекшеліктері, тас және қола дәуірі тұрмысындағы тұтынған негізгі шикізат көздері, еңбек құралдарының мәдени-типологиялық сараптамасы анықталған. 7.1 Дәлелденді

			<p>7.2 Тривиалды емес 7.3 Қағидаттар жаңа 7.4 Қолдану деңгейі кең 7.5 Ия.</p> <p>4-қағидат бойынша Солтүстік-Шығыс Арал маңындағы кейінгі тас дәуірі (энеолит)мен қола ғасыры ескерткіштерін кезеңдестіру, геохронологиясын, палеогеографиясын, корреляциясын және аудандастырылуын айқындап, тас құралдары мен қыш ыдыстарының технологиясындағы функционалдық қызметтер таразыланған.</p> <p>7.1 Дәлелденді 7.2 Тривиалды емес 7.3 Қағидаттар жаңа 7.4 Қолдану деңгейі кең 7.5 Ия.</p> <p>5-қағидат бойынша Солтүстік-Шығыс Арал маңының кейінгі тас ғасыры мен қола дәуірінің ескерткіштері туралы жарияланған еңбектер сараланып, Арал тұрақтары, Сарышоқы, Жалғыз-ағым, Тапа туралы жаңа деректер мен мұрағат материалдары, нақты ескерткіштердің суреттері толық көлемде жүйеленіп ғылыми айналымға енгізіліп отыр.</p> <p>7.1 Дәлелденді 7.2 Тривиалды емес 7.3 Қағидаттар жаңа 7.4 Қолдану деңгейі кең 7.5 Ия.</p> <p>6-қағидат бойынша Зерттеліп отырған аймақтың энеолит және ерте қола дәуірінің өндіріс қару-жарақ жарактарының типологиялық үлгілері әзірленіп, хронологиялық жағынан қайта қарастырылды.</p> <p>7.1 Дәлелденді 7.2 Тривиалды емес 7.3 Қағидаттар жаңа 7.4 Қолдану деңгейі кең 7.5 Ия.</p> <p>7-қағидат бойынша аймақтағы бірқатар тас және қола дәуірі ескерткіштеріне зерттеу жұмыстары жүргізіліп, бұрын зерттелген және жаңа ескерткіштер қайта зерделеніп, картаға түсіріліп, беткі қабатынан керекті материалдар жиналып алынды.</p> <p>7.1 Дәлелденді 7.2 Тривиалды емес 7.3 Қағидаттар жаңа</p>
--	--	--	---

			<p>7.4 Қолдану деңгейі кең</p> <p>7.5 Ия.</p> <p>8-қағидат бойынша көшпелі құмдар ішінде орналасқан мәдени қабаты жоқ қоныстардан ескерткіштің тіршілік еткен мезгілін нақтылау үшін зертханалық сараптау және талдау жүргізіліп, ескерткіштердің жастары нақтыланған.</p> <p>7.1 Дәлелденді</p> <p>7.2 Тривиалды емес</p> <p>7.3 Қағидаттар жаңа</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең</p> <p>7.5 Ия.</p> <p>9- қағидат бойынша Солтүстік-Шығыс Арал маңының кейінгі тас ғасыры мен қола дәуірі ескерткіштері орналасу жағынан бірнеше топқа бөліп қарастырылып, тұрмыс тіршілігі және жергілікті тас құрал жасайтын шикізат көздерінің маңызы айқындалған.</p> <p>7.1 Дәлелденді</p> <p>7.2 Тривиалды емес</p> <p>7.3 Қағидаттар жаңа</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең</p> <p>7.5 Ия.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Қойылған міндеттерді шешу үшін диссертацияда жалпы ғылыми және арнайы тарихи әдіснама қолданылған. Диссертациялық жұмысты зерттеу барысында алынған нәтижелерді сипаттау және салыстыру, дайындау жинақтау мен талдауды қамтитын жалпы ғылыми әдістер жиынтығы және жаратылыстану ғылыми әдістері нәтижелі түрде пайдаланған және іске асырылған.</p> <p>1.Ия</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыс геоархеологиялық әдістер кешені болғандықтан компьютерлік технология геоақпараттық жүйе (ГАЗ) бағдарламасына сәйкес электронды карталар, ескерткіштерді және артефактілерді түсіру барысында пайдаланған фотоаппараттар, өңдеу үшін фотошоп бағдарламалары және кестелер диаграммалар, графикалық гистограммалар жоғары дәрежеде пайдаланылған.</p> <p>1.Ия</p>
		<p>8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен</p>	<p>Теориялық қорытындылар эксперименттік зерттеулер дәлденген және расталған. Солтүстік-Шығыс Арал маңы Жалғыз ағым қонысынан табылған тас құралдар Батыс Қазақстан аумағы көршілес Орталық Азия</p>

		дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жок	Өзбекстан аумағы Хорезм аумағы Әмударияның төменгі ағысы тас құралдармен өндірісімен ұқсастығы анықталып отыр, осы арқылы ескерткіштің мерзімделу мәселесі қаралып сараланған. 1.Ия
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Пайдаланылған әдебиеттер тізімінде диссертациялық жұмыстың маңызды мәліметтерін растайтын Ресей Федерациясы РҒА ММТИ мұрағаты, Н.Н.Миклухо-Маклай атындағы этнология және антропология атындағы институты мұрағаты, Мемлекеттік Шығыс Халықтары музейі, Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының мұрағаты құжаттары, диссертациялық жұмыстар, арнайы тақырыптық зерттеулер, ТМД елдерінің ғалымдарының зерттеулері, мерзімді баспасөздер секілді көптеген сенімді деректер мен тиісті ғылыми әдебиеттер тақырыпты толықтырып растайды.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі 262 библиографиялық сипаттамадан тұрады. Тақырыпқа сай мұрағат материалдары, диссертациялық жұмыстар, отандық және шетелдік ғылыми мақалалар, монографиялар тізімі ұсынылған. Олар ғылыми тұжырымдарға жеткілікті.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жок	Диссертациялық жұмыс теориялық маңыздылығы бар. Солтүстік-Шығыс Арал маңы геоархеологиялық аудандарының орналасқан кейінгі тас ғасыры мен қола дәуірі ескерткіштерін кешенді зерттеу жұмыстары нәтижесінде аталған өңірдің ескерткіштерінің тарихи-мәдени рөлі мен маңызы ғылыми тұрғыдан қалпына келтірілген. 1.Ия
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жок	Зерттеу жұмысының нәтижелерін практикада қолдануға болады. Қазақстан тарихы және археологиясы, өлкетану және ЖОО арнайы оқу бағдарламасын жазуда, қазба барысында табылған археологиялық материалдарды талдау барысында, республикалық, облыстық және ауданаралық музейлердегі маңызы әртүрлі экспозицияларда және қордағы ұйымдастыруда зерттеуде пайдалануға болады. 1.Ия
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Зерттеу жұмысының практикалық ұсыныстары жаңа болып табылады. Диссертанттың зертеп отырған тақырыбы мен зерттеу аймағы жаңа қырынан қарастырылған жаңа еңбек болып табылады. Келешекте осы диссертацияны негізге ала отырып авторлық ғылыми монография дайындауға болады. 1.Толығымен жаңа

10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Жұмысты жазу академиялық сапасы жоғары. Бөлімдер мен тараулар ұтымды пропорция сақтаған. Докторлық диссертация еш күмән жоқ Арал аймағының ежелгі тарихын жазу барысында қызығушылық тудырады. Материалдарға бай және теориялық әдістемелік тұрғыдан жақсы жазылған толық жұмыс деп қабылдауға болады..
-----	---------------------------	--	---

Құрманиязов Ыслам Серікұлының - «Солтүстік-Шығыс Арал маңы ескерткіштерінің кейінгі тас ғасыры мен қола дәуіріндегі геоархеологиялық және мәдени-типологиялық сипаттамасы» тақырыбында дайындалған диссертациясы ҚР Білім және ғылым сапасын қамтамасыз ету комитетінің талаптарына сәйкес орындалған, толық аяқталған жұмыс және «Дәрежелер беру» қағидаларына толық сәйкес келеді деп есептеймін. Сондықтанда, «6D020800-Археология және этнология» мамандығы бойына философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы шешімді ұсынамын.

Ресми рецензент:

Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институтының
 Бас ғылыми қызметкері Т.Ғ.К.



Handwritten signature in blue ink.

Ж.Құрманқұлов

